

## Кәсіпкерлік қызметтің түрлеріне бір жолғы талон құнының бағасын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 26 сессиясының 2010 жылғы 6 қазандағы N 253 шешімі. Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 8 қарашада N 8-10-119 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 мамырдағы № 218 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 28.05.2018 № 218 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының кодексін қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 36 бабын басшылыққа ала отырып, объектінің орналасқан жерін, түрін, қызметті жүзеге асыру жағдайларын, сапасы мен алаңын, сондай-ақ қызметпен айналысу тиімділігіне ықпал ететін басқа да факторларды ескере отырып, салық органы жүргізген орташа күндік хронометраждық байқау мен зерттеу деректері негізінде аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ара-тұра сипатта кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғалар үшін қолданылатын бір жолғы талондардың құндары мен қызмет түрлерінің тізбесі 1 қосымшада көрсетілген көлемде белгіленсін.

2. Базарларда сауда жасағаны үшін алынатын төлем мөлшері 2 қосымшада көрсетілген көлемде белгіленсін.

3. Осы белгіленген ставкаларды ара-тұра сипатта аталған кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғаларға қолдану Ақтоғай ауданы бойынша салық басқармасына (Қ.Н. Болғанбаев) тапсырылсын. (келісім бойынша)

4. Осы шешімнің орындалысына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Б.З. Тлеубергеновке жүктелсін. (келісім бойынша)

5. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы  
Аудандық мәслихат  
хатшысы  
КЕЛІСІЛДІ  
Ақтоғай ауданы бойынша салық  
басқармасының бастығы

Р. Жақыпбаев  
М. Оңғарқұлов  
Қ. Болғанбаев

06.10.2010 жыл

Ақтоғай аудандық мәслихатының  
2010 жылғы 06 қазандағы  
кезекті 26 сессиясының  
N 253 шешіміне  
1 қосымша

**Ара-тұра сипаттағы кәсіпкерлік қызметтің белгіленген түрлерін жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін біржолғы берілетін талонның бір күнгі бағасы айлық есептік көрсеткішінен пайызбен алынғанда**

N	Бір жолғы талон негізіндегі кәсіпкерлік қызметтің түрлері	1 күнге /айлық есеп көрсеткішінен пайызбен алынғанда/
1	Газеттер және журналдар сату	7
2	Тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материал (екпелер, көшет)	10
3	Бақша дақылдарын сату	13
4	Саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдерді сату	10
5	Қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдерін, жануарлар мен құстардың жемдерін, сыпыртқылар, сыпырғылар, орман жидегін, бал, саңырауқұлақ және балық сату	4
6	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметі	24
7	Үй жануарлары мен құстарын бағуды жүзеге асыратын жеке тұлғалар	23

Ақтоғай аудандық мәслихатының  
2010 жылғы 06 қазандағы  
кезекті 26 сессиясының  
N 253 шешіміне  
2 қосымша

**Аудан көлеміндегі базарларда сауда-саттық жасағаны үшін жеке тұлғалардан алынатын бір жолғы талонның бір күнгі бағасы айлық есептік көрсеткішінен пайызбен алынғанда**

--	--	--	--

Тауар түрі	Сауда орнының түрі	Сауда орнының көлемі (шаршы метр)	1 шаршы метр сауда орны үшін талонның мөлшері айлық есептік көрсеткішінен пайызбен алынғанда
Азық-түлік	Сөрелерде		
	Е т тағамдары	3,4	4
	С ү т тағамдары	3,4	5
Өндіріс тауарлары	С ү т тағамдары	2,2	3
	Сөрелерде	4,2	3
	Қолдан сату	1,5	2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК